

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БУКЛЕТ

8-ші САБАҚ

КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖӘНЕ ЕРЕСЕКТІҢ МЕЙЛІНШЕ АЗ ЖӘРДЕМІМЕН БАЛАҒА ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК



Баланы дамытуды үйренеміз

ДДСҰ "Caregiver Training Skills" (балаларға күтім көрсетуді үйрету) бағдарламасын Қазақстан Республикасы үшін адаптау аясында ҚР ЕХӘҚМ ӘОД ҒПО, ҚР ДСМ РПДҒПО және ЮНИСЕФ бірлесіп әзірлеген

8-ші САБАҚ

КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖӘНЕ ЕРЕСЕКТИҢ МЕЙЛІНШЕ АЗ ЖӘРДЕМІМЕН БАЛАҒА ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК

МАЗМҰНЫ	БЕТ
Бүкіл бағдарлама кестесі	2
Біз бүгін нені білеміз	3
Тамараның оқиғасы: Күнделікті істерге кішкентай қадамдармен үйретеміз	4
Негізгі хабарлама № 1	7
Ұсыным № 1	8
Күнделікті істерге кішкентай қадамдармен үйретуге арналған суреттерді пайдалану	9
Көмек деңгейлері	10
Ұсыным № 2	11
Ұсыным № 3	12
Ұсыным № 4	13
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	14
Сұрақтарға жауаптар	15
Әрі қарайғы қадамдар	16

БҮКІЛ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ		Күні, уақыты, орны
Үйге бару 1		
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 1	Баланы бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыру керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 2	Баланың бірлескен іс-әрекетке қызыға қатысуын қалай қолдау керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 3	Баланың бірлескен ойындарға және күнделікті үй жұмыстарына қатысуына қалай көмектесу керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 4	Баланың қарым-қатынасын қалай түсінуге болады	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 5	Баланың қарым-қатынас дағдыларын қалай дамыту керек	
Үйге бару 2 (5-ші және 6-шы сабақтар арасында)		
Сабақ 6	Баланы жағымсыз мінез- құлықтан қалай алдын ала сақтандыру керек әрі қызыға қатысуына және басқарылуына қалай көмектесу керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 7	Балаға жағымсыз мінез-құлық баламаларын қалай үйрету керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 8	Кішкентай қадамдардың көмегімен және ересектің мейлінше аз жәрдемімен балаға жаңа дағдыларды қалай үйрету керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 9	Өзімізге күтім көрсетуді ұмытпай, проблемаларды қалай шешу керек	
Үйге бару 3		
Қосымша сабақтар:		

8-ШІ ТОПТЫҚ САБАҚ

КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖӘНЕ ЕРЕСЕКТИҢ МЕЙЛІНШЕ АЗ ЖӘРДЕМІМЕН БАЛАҒА ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК

БІЗ БҮГІН НЕНІ БІЛЕМІЗ:

- Күнделікті дағдыларға үйретуде оларды қалай кішкентай қадамдарға бөлу керек
- Балаларға жаңа дағдыларды үйрету кезінде біз көрсете алатын көмек деңгейлері



ТАМАРАНЫҢ ОҚИҒАСЫ: КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕРГЕ КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРМЕН ҮЙРЕТЕМІЗ



Менің есімім – Тамара, мен немерем Әмірге қараймын, үш жасында оның даму ерекшеліктері бар екені анықталған.




Әмір – ерекше бала. Ол аз сөйлейді және сағаттап жалғыздан-жалғыз отыра беруі мүмкін. Оған ыңылдап әндету, жарыққа қарау және көз алдында саусақтарын қимылдату ұнайды. Бөгде адамдарға мұндай қылық біртүрлі болып көрінеді, бірақ мұның еш әбестігі жоқ деп ойлаймын, ол жай ғана солай тыныштанады.

Әдетте ол ешкімге назар аудармайды. Бірақ мен оған бірнеше әнді бірге айтуды үйреттім. Сонымен бірге оған ұйықтар алдында түрлі хикаялар атып беретінім ұнайды.



Мен Әмірге көбірек әрекеттерді өз бетінше жасауды үйреткім келеді, мысалы, қол жуу. Басында оған бірдеңе істету өте қиын болатын. Бәрін ол үшін істеуге тура келетін.



Содан кейін оған не істеуі керек екенін түсіну оңай болуы үшін мен әрбір әрекетті өте ұсақ қадамдарға бөлуді үйрендім. Мен оған әрбір кішкентай қадамды бөлек-бөлек үйреттім, әр кез – бір қадам, басында көп көмектестім. Алдымен қолын сүртуді үйретуден бастадым, себебі, бұл – оңай қадам, оның үстіне Әмір қолына жұмсақ матаны ұстағанды қатты жақсы көреді.



Маған ол үшін қиын қадамдарды орындауға бұрынғыша көмектесуге тура келеді.



Мен оның істеп жатқан әрекетін атымен атау арқылы үнемі оны жігерлендіріп отырамын, мысалы: «Әмір, біз қол жуып жатырмыз!». Менің ойымша, ол сондай кішкентай қадамдарды өз бетінше жасай алған кездерде екеуіміз де оны мақтан тұтамыз.



Үнемі машықтанудың және қолдау көрсетудің арқасында Әмір қол жуу үшін енді көптеген қадамдарды өз бетінше орындай алады. Маған әлі де болса оған шүмекті ашуға және сабынды қолға алуға көмектесу керек. Бірақ қазір үнемі машықтанудың арқасында Әмір қолын сабындап, сабынды орнына қойып, қолын судың астында көбігі кеткенше жуып, орамалға сүрте алады.

Мен әлі де болса шүмекті жабуға көмектесемін, бірақ Әмір жұмыстың басым бөлігін өз бетінше орындайды.

Аздап көмек көрсетумен ол өз бетінше киінуді де үйреніп жүр.

Негізгі хабарлама № 1

СІЗДІҢ КӨМЕГІҢІЗБЕН МАШЫҚТАНА ОТЫРЫП, БАЛА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҮЙРЕНЕ АЛАДЫ

- Сіз балаңызға күнде көмектесе отырып және онымен бірге машықтана отырып, күнделікті өмірге арналған жаңа дағдыларды үйренуге көмектесе аласыз
- Біз кейін әңгімелейтін күнделікті өмірге арналған дағдылар – өз бетінше киіну, шешіну және қол жуу



Ұсыным № 1

ДАҒДЫНЫ КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРҒА БӨЛІҢІЗ ЖӘНЕ ӘР ЖОЛЫ БАЛАҒА БІР КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДЫ ҮЙРЕТІП ОТЫРЫҢЫЗ

МЫСАЛЫ: жейдені кию 5 кішкентай қадамнан тұрады:



Қай қадамды бірінші кезекте үйретуіңіз керек?

- Егер балаңыз бірде-бір қадамды әлі өз бетінше орындамаса, 1-қадамды үйретіңіз **НЕМЕСЕ**
- Егер соңғы 5-ші қадам бала үшін ең оңайы немесе ең ұнамдысы болса, соны үйретіңіз **НЕМЕСЕ**
- Егер балаңыз кейбір қадамдарды орындай алса, оған әлі меңгермеген қадамдардың ішіндегі біріншісін үйретіңіз. Мысалы, егер бала 1-ші және 2-ші қадамды орындай алса, оған 3-ші қадамды орындауды үйретіңіз.

КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕРГЕ КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРМЕН ҮЙРЕТУГЕ АРНАЛҒАН СУРЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Мысал: Қол жууды үйретуге арналған суреттері бар график

		
“суды ашамыз”	“қолымызды сулаймыз”	“сабынды аламыз”
		
“қолымызды сабындаймыз”	“сабынды орнына қоямыз”	“қолымызды үйкейміз”
		
“көбікті шаямыз”	“шүмекті жабамыз”	“қолымызды ..”

КӨМЕК ДЕҢГЕЙЛЕРІ


Ірі іс-әрекеттің кішкентай қадамын үйретіп жатқанда сіз балаңызға көрсете алатын түрлі көмек деңгейлері бар

Деңгей 1: КӨРСЕТ және АЙТ



Бұл – ең төмен көмек деңгейі. Балаға не істеу керек екенін көрсетіңіз де, орындалып жатқан қадам туралы оған түсінікті сөздермен айтыңыз. Мысалы: Балаға күртенің сыдырмасын жабуды үйретіп жатырсыз. Сіз балаға қарап, «Жабамыз!» деп, сыдырманы қалай жоғары көтеру керек екенін көрсетесіз.

Деңгей 2: ШАҒЫН (ІШІНАРА) КӨМЕК КӨРСЕТІҢІЗ



Сіз кішкене көбірек көмек көрсетесіз. Бұл – әрекетті орындауда, әсіресе, басында немесе аяғында көрсетілетін аздаған көмек. Мысалы: Сіз балаға сыдырманы жабу туралы айттыңыз, балаңыз жабуға тырысып жатыр, бірақ қолы тайып кете береді. Сіз білесіз, бұл әрекет күш салуды талап етеді, сондықтан, балақайға қосымша көмек керек деп шешесіз. Сіз баланың қолын алып, әрекеттің басында ақырын оған көмектесіп, аздап көмектесесіз. Бала қадамды өзі аяқтайды – сыдырманы жоғарғы жағына дейін өзі жабады.

Деңгей 3: ҮЛКЕН (ТОЛЫҚ) КӨМЕК КӨРСЕТІҢІЗ



Бұл – ең жоғары көмек деңгейі, сіз баланы ақырын қолынан алып, бүкіл әрекетті басынан аяғына дейін орындайсыз.

Ұсыным № 2

БАЛАҒЫЗ ҮЙРЕНСІН! ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУГЕ ҚАЗЕТТІ ЕҢ АЗ КӨМЕКТІ КӨРСЕТІҢІЗ

Мүмкіндік болса, балаға ең төмен көмек деңгейін көрсетуге тырысыңыз – **КӨРСЕТУ және АЙТУ**

Қадамды қалай орындау керек екенін КӨРСЕТУ және АЙТУ



Бала соны істеп көруге әрекеттенбейінше КҮТЕ ТҰРУ бала істеп көруге әрекеттенбесе, тағы бір рет ҚАЙТАЛАУ



Әрекеттенгені үшін баланы МАҚТАУ



Егер бала сол қадамды орындаса, ең төмен көмек деңгейін пайдалануды жалғастырыңыз

Егер бала қадамды орындамаса, біраз уақыт бойы жоғарырақ көмек деңгейін көрсетіңіз.

Әрекетті орындауды бастау немесе аяқтау үшін **ШАҒЫН (ішінара) физикалық көмек:**

Әрекетті өзіңіз бастаңыз



Бала аяқтасын



Талпынысы үшін мақтаңыз




Әрекетті басынан аяғына дейін толығымен орындау үшін **ҮЛКЕН (толық) физикалық көмек:**



Ұсыным № 3

БАЛАҒА ТҮСІНІКТІ ЖӘНЕ БІРІЗДІ НҰСҚАУЛАР БЕРІҢІЗ ЖӘНЕ ӘРБІР ТАЛПЫНЫСЫ ҮШІН МАҚТАҢЫЗ

- Балаңызға түсінікті тілді пайдаланыңыз
- Балаға әр кез бірдей нұсқау беріңіз
- Жағымды көзқарас сақтап, баланы әр талпынысы үшін мақтаңыз



ӨЗІҢІЗДЕН СҰРАҢЫЗ: БАЛАҒА БАСҚА ҚАДАМДЫ ҮЙРЕТЕ АЛАМЫН БА?

Балаға қандай да бір күнделікті дағдыны үйрету үшін уақыт өте келе сіз әр дағдыны құрайтын кішкентай қадамдарға зейін қоятын боласыз.

- Әр кез баламен күнделікті іспен айналысқанда өзіңізден сұраңыз:
 - Біз машықтанып жатқан қадам бала үшін тым қиын емес пе? Алдымен басқа қадамды үйретсем бе екен?
 - Біз машықтанып жатқан қадам бала үшін тым оңай емес пе? Бала осы қадамды басқа адамның көмегінсіз өзі жасай ма? Егер жауап «ИЯ» болса, онда балаға дағдыны құрайтын келесі кішкентай қадамды үйрете аламын.



Мақсат – баланың бірінші қадамды жасап үйренуі. Ол бірінші қадамды жасайды – жаңа мақсат қоямыз



Біздің жаңа мақсатымыз – баланың жейдені басын жағасынан өткізі арқылы киюі



Жейденің жағасынан басты өткізу үшін балаға көмек керек, сондықтан, анасы «басымызды жағасынан шығарамыз» деп есіне салуы керек.

Тағы бір рет қайталаңыз



Балаға қосымша көмек керек, сондықтан, анасы жейдені баланың басына абайлап кигізе бастайды.



ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Топтық сабақтан кейін өзіңізді тексеру үшін осы сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Содан кейін осы тараудың аяқ жағында келтірілген дұрыс жауаптармен салыстырып тексере аласыз.

Нұсқаулық: Келтірілген нұсқалардың ішінен сұраққа мейлінше сай келетін жауапты таңдап, өз жауабыңыздың нұсқасын шеңберге алыңыз. Содан кейін дұрыс жауап бердіңіз бе, тексеріңіз де, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз.

Сұрақ 1

Тамара немересі Әмірге мата жөкемен жуынуға үйретуді тырысып жатыр. Алдымен оған бірінші қадамды үйретті: жөкені алып, оны қол жуғышқа апару. Енді Әмір осы қадамды өз бетінше орындай алады. Тамара шүмекті ашады, себебі, Әмірге оны ашу қиын, одан кейін жөкені сулауға аздап көмектеседі («Кел, көмектесейін» көмек деңгейі). Әмірге бетін өзі үйкеген ұнамайды, сол себепті оны Тамара істейді. Содан соң, Тамара жөкені ілгішке іледі, екеуі бірге ән айтады, бұл Әмірге қатты ұнайды. Енді Тамараға немересіне қандай қадамды үйрету керек?

- A. Жөкені алып, қол жуғышқа апару.
- B. Шүмекті ашу.
- C. Жөкені сулау.
- D. Бетті жөкемен үйкеу.
- E. Бірге ән айтудың алдында жөкені кебуі үшін іліп қою.

Сұрақ 2

Тамара Әмірге күнделікті істің соңғы қадамын үйретуді шешті: кептіру үшін жөкені іліп қою. Үйретуді қандай көмек деңгейінен бастағаны жөн?

- A. Көрсету және айту
- B. Шағын көмек көрсету
- C. Толыққанды көмек көрсету

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Осы жерден алдыңғы бетте келтірілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауаптарды табасыз. Сұрақтарға жауап берген соң ғана жауаптарды оқыңыз. Жауаптарды тексеріп болған соң, сұрақтар берілген бетті ашып, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз.

Сұрақ 1

Жауабы және түсіндірмелер: Е. Бірге ән айтудың алдында жөкені кебуі үшін іліп қою.

Бұл – Тамара үшін жақсы таңдау, себебі, қарапайым әрекет және Әмір үшін ұнамды әрі ынталандырушы қадам болуы әбден мүмкін. Жөкені ілуді үйреніп, ол әрекетті өзі аяқтайды, содан кейін әжесімен бірге ән айтады: оған ұнайтын іс.

А. Жөкені алып, қол жуғышқа апару: жоқ, Әмір бұл қадамды өзі жасай алады, сондықтан, Тамараға бұл қадаммен әрі қарай жұмыс жасаудың қажеті жоқ. Ол бірізді болуы тиіс, Әмір осы әрекетті өз бетінше орындауын жалғастыруға жағдай жасауы керек. Ол ұмытпауы тиіс, өзі тезірек істесе де, Әмірдің орнына істемегені жөн.

В. Шүмекті ашу — Әмір жөкені алып келгеннен кейінгі келесі қадам, бірақ Әмір үшін қиын әрекет, сондықтан, үйретуді жалғастыру үшін ең дұрыс жол емес, дегенмен, хронология бойынша осы қадам Әмір өз бетінше жасай алатын әрекеттен кейін орындалады.

С. Жөкені сулау: Тамара осы қадаммен жұмыс жасай алады, бірақ ол әрекеттің дәл ортасында орындалады, ал оның артынан Әмірге ұнамайтын қадам (бетті жөкемен үйкеу) жүреді, сол себепті ең ұнамды және ынталандырушы қадам болатыны екіталай.

Д. Бетті жөкемен үйкеу: жоқ, Әмірге бұл қадам ұнамайды, сондықтан, бұл әрекетті өз бетінше орындауды үйреті қиынырақ болуы мүмкін. Алдымен қарапайым қадамдарды үйреткен абзал.

15

Сұрақ 2

Жауабы және түсіндірме: А Көрсету және айту

Тамара Әмір осы қарапайым қадамды өз бетінше орындай алады деп ойлайды, сондықтан, алдымен оған «Көрсетіңіз және айтыңыз» атты ең төмен көмек деңгейін ұсынады. Егер Әмір осы әрекетті өз бетінше орындай алса, Тамара ең төмен көмек деңгейін көрсетсуді жалғастырады. Егер Әмірдің қолынан келмесе, біраз уақыт бойы жоғарырақ көмек деңгейін көрсете алады.

В. Шағын көмек көрсету

С. Толыққанды көмек көрсету

ӘРІ ҚАРАЙҒЫ ҚАДАМДАР

- Тоғызыншы сабақта біз балаларға күтім жасайтындар проблемаларды қалай шешуі және өзіне қалай күтім жасауы керек екені туралы білеміз. Сабақ _____ өтеді.
- Баршаңызды сол сабақта көреміз деп үміттенеміз. Егер қандай да бір себеппен 9-шы сабаққа келе алмасаңыз, біз 9-шы сабақтан кейін болатын соңғы үйге бару шарасын жоспарлау үшін сізбен хабарласамыз.

ҚОСЫМША: Жаттықтырушылар қатысушылардың қалауымен келесі сабақтан кейін бірге шай немесе салқы сусындар ішуді жоспарлай алады.